



ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТІ ХАЛЫҚТЫҢ
ӘЛ-АУҚАТЫНА
САЙ БАФАЛАНАДЫ

2-бет



Гаухар Әлімбаеваның адвокаты:
БҰЛ ІСТЕ ӘНШІНІҢ
КІНӘСІ ЖОҚ, ӨЗІ
ЗАРДАП ШЕГІП ОТЫР

10-бет



ЗА ЧТО УБИЛИ
ЕРЛАНА НУРГАЛИЕВА:
КРИМИНАЛЬНЫЙ
МИР ТОРГОВЛИ С
ПОДНЕБЕСНОЙ

13-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№4 (822), 1 ақпан, 2019

ТЕҢГЕ ТАҒДЫРЫНА ТЕК ҚАНА ҚАЗАҚ ЖАУАПТЫ



НАР
ТҰЛҒАЛЫ
НОҒАЕВ

Мемлекетшіл, халықшыл
тұлға Нұрлан Асқарұлы
туралы үзік сыр

...Дегенмен, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына білім-білігімен, ақыл-парасатымен үлес қосып жүрген азаматтар жайында жылы лебіз білдіргеннің айыбы болмас. Біз бүгінгі тақырыпта Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев мырзаның мемлекетшілдік, ұлтшылдық қасиеттерін тілге тиек еткенді жөн санадық.

8-9
бет



Бір кездерде әлем бойынша абыройы асқақтаған, жетпіс жылдан аса одақ көлемінде қолданылып келген рубль атты ақша кеңестік одақ ыдырағаннан соң кебекке айналып, құнсызданып құлдырағанын өз көзімізбен көрдік. Көпшіліктің қамын қарастырған әлеуметтік жүйені талқандаған капиталистік құрылым үстемдік етіп, ширек ғасырдан бері дүниежүзін жаулап, дәуірі жүріп тұрған қазіргі доллардың бағамы сол уақытта бір рубльдің қасында 70-80 тиын деңгейінде ғана бағаналатын. Бастан бақ таямын десе қиын емес екен, ресейліктер сақтап қалған сол ақшаның да айтарлықтай құны қалмады.

3
бет

КЕЧУА БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ!

Бұл жолы сарапшы, мүмкін, оны өзі де байқамай, САМонитордың сойылын соғып шыға келді. Әйтпесе, тілшінің сұрағын дәлме-дәл дерлік қайталап «... қазақтардың өзінің басым көпшілігі елдің барлық азаматтары мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр болатын қадамдар жасауға шақырды» демес еді.

5
бет



Фарифолла ЕСІМ:

КІСІМСІНУ – ПЕНДЕШІЛІК ДЕРТІ

(Бұл эссені жазуға түріктің әйгілі қаламгері Халдун Танердің «Шишхане көшесіндегі жауын-шашын» әңгімесі негіз болды).

6
бет



Виктор ШАЦКИХ:

ХОЧЕШЬ ЖИТЬ В КАЗАХСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ – БУДЬ КАЗАХОМ

Одной из обсуждаемых тем в последнее время стало предложение сменить название страны на Казахскую Республику. Что тут началось – все всполошились! Даже в России! Это притом, что о переименовании названия республики говорили не раз, особенно в последние годы.



11
бет

ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА САИ БАҒАЛАНАДЫ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев министрлер мен облыс әкімдерін тегіс жинап, кеңейтілген кеңес өткізді. Отырыста халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайынан бастап бірқатар мәселелер көтерілді. Елбасы өзіне жүктелеген міндеттерді дұрыс атқара аламы дегенді министрлер мен әкімдерді қатаң сынға алып, ескертулер жасады.

Көлеңкелі бизнеспен күресе алмай отырған Қаржы министрлігі алдымен аталды. Өйткені, кедендегі контрабанданың кесірінен қазына жылына 200 миллиард теңгеден қағылып отыр.

Сол сияқты аймақтағы әкімдер бюджет қаржысын тиімді пайдалана алмай отыр. Тіпті, кейбірі тұрғын үй салудың орнына, өздеріне Астанадағы секілді сол жағалау салып, ақшаны оңды-солды шашып жатқанын атады. Биыл 13 миллион шаршы метр баспана салынып, 7-20-25 бағдарламасымен беруді жүктеді. Елбасы Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қатаң тапсырма берді. Егін егіп, мал өсіру экономикамыздың драйверіне айналу керек деген пре-



зидент, Алматы облысында қант, Астанада шұжық өндіретін зауыт салуға пәрмен берді. Сондай-ақ, инвестор тартып, коммуналдық тарифтер мен азық-түлік бағасын қадағалауда ұстауды тапсырды.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің барлық жұмысының нәтижесін халық сезінуі тиіс екенін атап өтіп, «Қазақстан – 2025» стратегиялық даму жоспарына сәйкес, 2019 жылғы Министрлер кабинеті жұмысының тиімділігі жөніндегі негізгі міндеттерін бекітті. Экономиканың тұрақты өсімін болашақта 5 пайыздық көрсеткішке қол жеткізу, ішкі жалпы өнімдегі

шағын және орта бизнестің үлесін 28,2 пайызға, шикізаттық емес тауарлар мен қызметтер көлемінің өсімін 24,7 миллиард долларға дейін, еңбек өнімділігінің өсімін 2016 жылғы мөлшерден 12,3 пайызға, инвестиция өсімін ішкі жалпы өнімнен 16,8 пайызға дейін жеткізуді қамтамасыз ету жүктелді. Өсімнің инклюзивті моделі аясында тұрғындардың орташа жан басына шаққандағы нақты кірісін 2016 жылғы көрсеткіштен 6 пайызға дейін арттыруды міндеттеді. Бұдан былай әкімдердің жұмысы облыс тұрғындарының тұрмыстық әлауқатына сай бағаланбақ.

ЕКІНШІ ЖАСАЛҒАН ҰРЛЫҚ – АУЫР ҚЫЛМЫС

Елімізде екінші рет жасалған ұрлық ауыр қылмыс саналатын болды. Қазақстанда бірнеше рет жасалған ұрлық «ауырлығы орташа» қылмыс санатынан «ауыр қылмыс» санатына ауыстырылады.

«Меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша заң аясында Қылмыстық кодекске ұрлықты қайталағаны үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін түзетулер енгізілді», — деп хабарлады Әділет министрлігінің баспасөз қызметі. Түзетулерге сәйкес бірнеше рет жасалған ұрлық

«ауыр қылмыс» санатына ауыстырылды. Бұл айыпталушыны тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігінен айырады. «Бұған дейін бірнеше рет жасалған ұрлық үшін айыппұл немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу қарастырылса, енді бірнеше рет жасалған ұрлық үшін 2 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе мүлкін тәркілей отырып, сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершілік қарастырылатын болады. Бұл түзету ұрлықты қысқартуға бағытталған. Заңға енгізілген түзету осы жылдың 2 ақпанынан бастап күшіне енеді.

ЖЕТІСАЙЛЫҚ ҚАЗАҚ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Бокс әлеміндегі жана жұлдыз, 20 жастағы боксшы Садриддин Ахмед WBC нұсқасы бойынша жастар арасында әлем чемпионы атанды.

Әлемдік кәсіпқой бокста болашақ жарық жұлдыз ретінде атала бастаған Садриддин Ахмед Канаданың Монреаль қаласындағы Montreal Casino ойын-сауық орталығында өткен жетінші жекпе-жекте де жеңіске жетті! Ол Мексика боксшысы Абрахам Хуаресті (13-2, 5 KO) төртінші раундта сұрапыл соққысымен сұлатып салды. Сөйтіп, әлем чемпионатында мексикалық боксшы Сауль Альвареске кеткен жерлесі Геннадий Головкиннің есесін қайтарды деуге болады.

Садриддин әлем чемпионы атанып тұрып: «Бұл жеңісімді



кеше мезгілсіз дүниеден өткен Олимпиада жүлдегері Денис Тен мен былтыр әлемдік бокс чемпионатында сәтсіздікке ұшырап қалған әйгілі Геннадий Головкиннің құрметіне арнаймын» — деп мәлімдеді. Оңтүстікте туып, жеті жасынан кейін Астанада өссе де, Садриддин қазақ тіліне ағып тұр. Жиырма жасында әлем аренасында атой салып, жеңіске жеткен Садриддин бауырымыз сонымен қатар 31 қаңтарда 21-ге толатын өз туған күніне де тарту жасады.

МИНИСТР ӘРІПТЕСТЕРІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АЛЪЯНСҚА БІРІГУГЕ ҮНДЕДІ

Алматыда өткен Түркі Кеңесінің Ақпараттық-коммуникациялық технологияларына жауапты министрлердің үшінші отырысы барысында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Қазақстанның цифрландыру саласындағы жетістіктері жайлы баяндап берді.



Жиынға ҚР Ақпарат және байланыс министрі Дәурен Абаев, Түркия Көлік және инфрақұрылым министрі Мехмет Жахит Турхан, Қырғызстанның Ақпараттық технологиялар және байланыс комитетінің төрағасы Бақыт Шаршембиев, Әзірбайжан көлік, коммуникация және жоғары технологиялар министрінің орынбасары Эльмир Велизаде, Венгрияның Ақпараттық коммуникациялар, инновациялар және технологиялар Мемлекеттік хатшысының орынбасары Карол Балаш Солимар қатысты. «Заман талабынан қалыс қалмай, ақпараттық технология саласында әріптестікті күшейтуге баса назар аударамыз. Себебі, біз барлық мүмкіндігімізді тиімді деңгейде пайдаланып отырған жоқпыз. Біздің ел бытырдан бастап «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қолға алды. Бағдарлама жоғарғы әлеуметтік-экономикалық саланы қолдауға бағытталған. Жобаны жүзеге асыру үшін мүмкіндік қарастырылатын болады. Бұл түзету ұрлықты қысқартуға бағытталған. Заңға енгізілген түзету осы жылдың 2 ақпанынан бастап күшіне енеді.

желісін пайдаланушылардың саны 8 пайыздан 76 пайызға артты. Электронды Үкімет жүйесі қарқынды дамып келеді. Осы жүйе бойынша 30 млн. мемлекеттік қызмет көрсетілген. Ірі және шағын қалалар 4 G байланысымен қамтылған. Ауылды жерлерді кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары жүзеге асырылып жатыр», — деді Д.Абаев. Министр Түркітілдес Мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі елдеріндегі әріптестерін осы келешегі зор технологиялық альянстың мүшесі болуға шақырды. Сондай-ақ, әзірбайжандық әріптестердің бастамасы бойынша «Трансеуразиялық суперакпараттық магистраль» құру жөніндегі жобаға тоқталды. Оның мақсаты — Франкфурт пен Гонконг арасындағы еуразиялық елдердің аумағын қамтитын талшықты-оптикалық трансұлттық желі орнату. «Транзиттік желі 6 мемлекеттің аумағымен өтеді деген жоспар бар. Бұл — болашағы зор жоба. Бүгінгі іс-шара, біздің елдер арасындағы ақпараттық-коммуникациялық бағыттағы тығыз қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға тың серпін береді деген сенімдемін», — деді министр.



ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛДЫ

Сенаторлар сотталғандардан өтемақы алу туралы заң жобасын сынға алды. Өйткені, қор зардап шеккендердің шығынын толық өтеп бермейді. Тек бір реттік қаржылай көмек аударуға ғана қауқарлы.

Марат Ахметжанов, Бас прокурордың орынбасары: — Бұл төлемақы бүкіл қылмыспен келген зиянды толық өтемейді. Тек қана көмек ретінде беріледі жәбірленушілерге. Қылмыскер анықталғанын, ол ұсталғанын, ол сотталғанын прокурор регрестік ретінде одан мәжбүрлеп бүкіл осы қордан шыққан шығынды қайтарады үкіметке. Қазірге дейін қылмыскерлерден 79 миллион теңге өндірілген. Жалпы жиналған қаражат 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап төленеді. Төлем көлемін сот анықтайды. Ең көп дегенде 101 мың теңге берілетін. Өйткені, қорды толтыратын қаражат көзі аз. Әуелде айыппұлдарды, тәркіленген дүние-мүліктерді осы қорға аударамыз деген жоспар болған еді. Бірақ ол салық органдарына тиесілі деген себеппен алынып тасталды. Ал жапа шеккен адам толық шығынын сот арқылы ғана өндіре алады. Айналып келгенде, қордың о бастағы атауы қазір өз мәнін жойған. Яғни, өтемақы емес, тек бір реттік көмек беретін қор ғана болып қалып отыр. Сондықтан, зардап шегушілерге өтемақы беру қоры туралы заңды не толықтыру керек, не жаңа заң қабылдау керек дейді жиынға қатысушылар.



ПАНА ІЗДЕГЕН ҚАНДАСЫМЫЗДЫҢ КҮӘЛІГІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Алматы облысы көші-қон басқармасы этникалық қазақ Сайрағұл Сауытбайдың «пана іздеуші тұлға» куәлігінің мерзімін 3 айға, яғни 25 сәуірге дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

«Мен Қазақстанға өз елім, жерім, отбасым деп келдім. Менде басқа мақсат жоқ. Аңсап келген отанымда балашағаммен бірге болсам деймін. Менің бақытым да, отбасым да осында. Ана үшін отбасынан артық ешнәрсе жоқ. Біздің билік те менің жағдайымды түсініп, өз Отанымда отбасыммен бірге тұруға мүмкіндік береді деп ойлаймын», — деді Сауытбай.

Еске сала кетсек, Сайрағұл

Сауытбай былтыр мамыр айында Қытай-Қазақстан шекарасын заңсыз кесіп өткен еді. Осы іске қатысты сот процесі бір айға жуық уақытқа созылып, сот оң үкім шығарды. 1-тамызда Алматы облысының Панфилов аудандық соты этникалық қазақты 6 айға шартты түрде бас бостандығынан айырып, сот залынан босатты. Оған Қазақстан аумағынан шығару туралы қосымша жаза қолданылмады.

Алайда, Алматы облыстық көші-қон басқармасы одан кейін ҚР ІІМ Көші-қон қызметі Сайрағұл Сауытбайға «босқын» мәртебесін беруден бас тартқан-ды.

Енді ҚР ІІМ Көші-қон қызметі комиссиясының шешімін сот арқылы «заңсыз» деп тану туралы талап-арыз бермекші.

Бір кездерде әлем бойынша абыройы асқақтаған, жетпіс жылдан аса одақ көлемінде қолданылып келген рубль атты ақша кеңестік одақ ыдырағаннан соң кебекке айналып, құнсызданып құлдырағанын өз көзімізбен көрдік. Көпшіліктің қамын қарастырған әлеуметтік жүйені талқандаған капиталистік құрылым үстемдік етіп, ширек ғасырдан бері дүниежүзін жаулап, дәуірі жүріп тұрған қазіргі доллардың бағамы сол уақытта бір рубльдің қасында 70-80 тиын деңгейінде ғана бағаланатын. Бастан бақ таямын десе қиын емес екен, ресейліктер сақтап қалған сол ақшаның да айтарлықтай құны қалмады. Жығылып жатып сүрінгенге күлетіндей күйге түскен біздің де төл теңгеміздің орыстың рублінің жолын құшқанына куә болып отырмыз...

жылдың ақпанында болды. Бұл кезде төл теңгеміздің құны 25 пайызға түсіп кеткен еді. Бірнеше сағат ішінде айырбас пункттерінде доллар құны 138 теңгеден 170 теңгеге дейін өсті, ал кейін теңгенің долларға шаққандағы бағамы 150 теңге деңгейінде орнады.

Араға бес жыл салып, ұлттық валютамыз тағы құлдырады. Теңгенің долларға шаққандағы бағамы 155,5

шегі бар емес пе? Бұрынғы одақ құрамында болған қазба байлықтар қоры аз мемлекеттер сонда қалай күн көріп отыр деген сұрақ туындайды осындайда. Табиғи ресурстары мол ресейліктерді есепке алмағанда, Прибалтикадағы және өзге де өзімізбен көршілес жатқан мемлекеттердің төл валюталарының бағамына назар аударып көрелікші. Ауыл шаруашылығы саласы мен басқа да кәсіпорындарын жоғалтпай, керісінше қайта жақтап дамыта білген Беларусьтің бір рублі – 2,15 долларға, молдавандардың бір лейі – 17,11, латыштардың бір латы – 0,61, түркімендердің бір манаты – 3,49, эстондардың бір кроны – 3,94, қырғыз сомы – 68,70 долларға бағаланып

Доллар неге соншалықты үлкен сұранысқа ие? Өйткені біз көптеген тұтыныс тауарлары, оның ішінде кейбір азық-түлікті де сырттан сатып аламыз. Тауарларын экспорттаушы елдер оның құнын әрине, дүниежүзілік айналымда тұрған америкалық доллармен алғысы келеді. Содан барып долларға деген сұраныс артады. Оны болдырмау үшін алдымен сол сырттан сатып алатын тауарларды өзіміз өндіріміз қажет. Ол заттар өзімізде шығарылса, сырттан қымбатқа сатып алудың қажеті қанша? Соған орай доллардың да қажеттілігі өзінен өзі азаяды. Оны тек қана сыртқа саяхатқа шыққандар ғана қажетінше айырбастап алуы мүмкін. Онда да қай елге баратыныңызға байланысты. Өйткені, әрбір мемлекет өз елінде өзінің ақшасын пайдаланғанды талап етеді.

Демек, теңгенің құлдырауының басты себебінің бірі – отандық өндірісте жатыр деп айтуға болады. Басқасын қойып бір ғана мұнайды алайықшы. Одан жанармайлар, басқа да тұтынатын тауарлардың бірнеше түрін шығаруға болады. Сол кезде оның пайдасы шикізат күйінде сатқаннан ондаған есе өседі. Қаншама жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың тұрмысы жақсарады. Сол сияқты, өзге де қазба байлықтарды өңдеу, тіпті аграрлық мүмкіндігі мол ел ретінде ауыл шаруашылығын, басқа да өндіріс салаларын дамытуға міндеттіміз. Өкінішке орай, бұл бағытта бізде айтарлықтай қарқын жоқ. Осы жағына баса назар аударуымыз керек.

Бұл жерде атақты қаржыгер болудың да қажеті жоқ. Адам капиталы, өндіріс, жаңа технология мен техника сияқты экономиканың төрт тіреуінің бірі саналатын қаржы саласына сыртқы және ішкі саясаттың араласқаны айтпай-ақ көрініп тұрған жоқ па? Жекеменшік банктердің шынайы иесі қатардағы қарапайым қойшы емес, ықпалды адамдар. Сондықтан, бас банкир оларға үкімін жүргізе алмайды. Бағамның бір түсіп, бір көтерілуінен ақша жасайтындар да бар. Теңгенің құнсыздануына басқа да себептер жетерлік. «Теңге үшін неге соншалықты күйіп-пісіп кеттіңдер, оны бізден ешкім тартып алайын деп жатқан жоқ қой» дейтіндер де табылар. Ешкім тартып алмайды, құнсыз валюта кімге керек? Керек болса ол тек қана қазаққа қажет. Америкалық Сэм ағай мен корейлік Ким көкеге теңге күйіп, күлі көкке ұшса да бәрібір, олардың өз валютасы бар. Өз ақшаларын қорғау үшін олар бар жанын салады, түрлі құйтырқы әдістерді қолданып, керек болса өзгелерді арандатуға дейін барады. Ал, біз ше?

Алдында біз теңгеміз еліміздің туы мен елтаңбасы секілді мемлекеттік нышандандарымыздың бірі дедік. Ол рас, оның үстіне теңге әрбір тұрғынның тұрмыс, күнкөріс тірегі. Көк байрағымыздың тұғыры қандай биік болса, теңгеміздің де маңызы мен күдіреті сондай деп бағалауға міндеттіміз. Сыныққа айтар сылтауды сырттан келер ықпалға, құны күнде мың құбылып тұратын доллар мен мұнайға жауып, солардың ығында журуіміз керек пе? Біз де төл теңгемізді қорғауымыз керек қой? Соның жолдарын қарастырып, бір нақты әрекетке көшетін уақыт жетті емес пе? Теңгенің болашағы мен тағдырына тек қана қазақ жауапты екенін естен шығармайық...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

ТЕНГЕ ТАҒДЫРЫНА ТЕК ҚАНА ҚАЗАҚ ЖАУАПТЫ



карашада 1 АҚШ долларының бағамы 4 теңге 70 тиын деп белгіленген-ді. Бұл теңгеміздің құнды валюталар қатарында болғанын көрсетеді. Бірақ алғашқы бір жарым айдың ішінде-ақ теңге шамамен 12 есе құнсызданып, бір доллардың бағасы 54 теңгеден асты. Бұдан кейінгі төрт жыл бойы теңге баяу, бірақ әлсін-әлсін құнсызданып, 1998 жылы долларға шаққандағы бағамы 84 теңгеге жетті.

Біртіндеп салмағын жоғалтып келе жатқан теңгеміз 1999 жылдың сәуірінде ең ірі девальвациялық құнсыздануға ұшырады. Қазақстанның премьер-министрі болып тұрған Нұрлан Балғымбаев пен Ұлттық банк басшысы Қалдыржан Дамитов телдидардан теңгенің еркін айырбас бағамына өткенін хабарлады. Сол кезде Балғымбаев теңгенің еркін айырбас бағамына өту көрші елдердің экономикалық саясаты мен сыртқы факторлармен негізделген мәжбүрлі шара деп түсіндірді. Мұнайдың иісін алты айлық жерден сезетін Балғымбаевтың қаржы саласын қаншалықты жақсы білетінін дәлелдейтіндей екі басып айта алмаймыз. Бұл шешімді билік басындағы саясаткерлер мен қаржыгерлер бірігіп қабылдаған болуы керек. Теңгені еркін айналымға жіберудің соңы қайда апаратын соғары бірқатар сарапшылар айтып жатты.

Сөйтіп, теңге бір жыл бұрынғымен салыстырғанда 64,6 пайызға құнсызданып, бір долларға шаққандағы құны 138 теңге 25 тиын болып қалды. Бұдан кейін теңгенің арзандау қарқыны бәсең жүріп, 2002 жылы бір АҚШ долларының бағасы 156 теңгеге табан тіреді.

Екінші девальвация 2009

теңгеден 185 теңгеге дейін өсті. Ұлттық банк теңгенің бұлайша құлдырауын әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы ахуалмен түсіндірген еді.

2015 жылдың тамызында қазақстандықтар бүгінгі таңдағы төртінші әрі соңғы девальвацияға куә болды. Ұлттық банк теңгені еркін айналымға жіберіп, жаңа ақша-несие саясатын бастады. Бұл жаңалықтан кейін теңгенің биржалық бағамы бір тәулікте 26%-ке түсіп, доллар 255 теңгеден сатыла бастады. Теңгенің төмен құлдырауы одан кейін де жалғаса берді. Рас кейбір кезеңде теңге күш алып, көтерілген күндері болды. Онда да қысқа мерзімге және бағасы сәл ғана артқан-ды. Ал, қазіргі жағдай бойынша теңгенің долларға шаққандағы бағамы 380 теңгеге жетіп жығылды. Бұл біздің теңгеміздің ширек ғасырда басынан өткерген тауқыметті тарихының бір көрінісі ғана. Байқап отырғанымыздай, теңгені маңдайына жазылған тағдырға таңғалып, қызығатындай емес, керісінше жаның ашиды. Егер теңгеге тіл бітсе: «Ей қазақтар, мені осынша сүмірейтіп сорлы ететіндей сендерге не жазып қойдым?» дейтіні айдан анық.

Осыған дейін болған бас банкирлердің бәрі және кейбір экономист мамандар, сарапшылар теңгенің құлдырауын әлемдегі мұнай бағасының құбылуымен байланыстырып келді. Рас, экономикамыз негізінен шикізатқа негізделген соң олардың айтқан дәйектерінің бір орыны бар. Бір жақсысы елімізде жерасты қазба байлықтары мол. Бірақ оның да

келеді. Әзірбайжандардың манаты біздің теңгемен деңгейлес. Бір долларға шаққанда 8 375.67 сумға құлдыраған өзбек ақшасы ең соңғы орында екен. Өзбекстанға бір барғанымызда олардың бір бума ақшасын айырбастап алған бір жерлесіміз «Мынау ақша емес сабан ғой» дегені бар. Әрине, біздің теңгемен салыстырғанда солай көрінуі мүмкін. Ал, Беларусь немесе Латвиядан келген қонақтар жаңағыдай біздің теңгемізді сабанға теңесе не дейміз? Осыған қарап негіз біздің теңге төмен құлдырап кетті деген сұрақ туындауы заңды.

Бұған мамандар мен сарапшылар әртүрлі болжаулар айтып жүр. Мысалы, «Казкоммерц Секьюритиздің» сарапшысы Нұрлан Рахымбаев доллардың біздің елімізге тым еркін енуіне оның әлемде үстемдік етуімен, орыс рублінің әлсіреуімен және ел ішінде долларға деген сұраныстың тым жоғары болуы, сол сияқты бұрынғы сырттан алған қарыздарды қайтаруға байланысты деп топшылайды. Маманның айтқанын жоққа шығаруға болмайды. Сырттан белгілі бір пайызбен қарыз аламыз, оны қайтарғанда тағы доллар сатып алуымыз керек. Сонда бір қарыз үшін екі рет шығындалаымыз. Өз валютасын әлемдегі айналысқа салған америкалықтар жер бетінде үстемдік құрып отырғаны ақиқат. Оларға өз валютасының осы айналымы арқылы қыруар пайда әкелгені қолайлы. Сөйтіп басқа елдерді өзіне табындырып, алдымен экономикалық сосын саяси үстемдік құрады. Оны біз саяси себептер тауып, қит етсе өзге елдерге экономикалық санкция жариялап жатқанынан-ақ байқап отырмыз. Ал шындап келгенде оған ондай құқықты кім беріпті? Америка да өзге Франция, Германия немесе басқа да елдер сияқты мемлекет, сондықтан, бұны экономикадан бұрын әлемге үстемдік етсем деген үлкен саясат деп ашық айтқан жөн.

Доллардың бізге еркін енгені соншалық өткен жылдарда ішкі есеп айырысудың өзі америкалық валютаға айналып кетті емес пе? Осыны дер кезінде байқап, ішкі есеп айырысуды тек қана теңгемен жүргізу керектігі туралы заң шықты. Бұл өте дұрыс болды. Өйтпегенде, бүгін теңгемізді өзгелерден бұрын өзімізден іздеп таба алмайтын күнге жетер едік.

КОГДА ЗАКОНЧАТСЯ АБСУРДНЫЕ ДЕЙСТВИЯ ЧИНОВНИКОВ?!

«Ак жол» добивается спасения сельхозпроизводителей и предпринимателей внутреннего туризма от вынужденного банкротства в связи с абсурдными действиями чиновников – соответствующий запрос озвучил 30 января Ерлан Барлыбаев.



«Одним из распространённых видов природных ресурсов Казахстана являются подземные воды, в том числе – самоизливающаяся термальная вода. Подземные воды традиционно используются как санаторно-курортными учреждениями, так и обычными зонами отдыха, а также применяются сельхозпроизводителями для орошения. Наличие таких источников послужило толчком к развитию малого и среднего предпринимательства в сфере туризма и сельского хозяйства в целом ряде регионов страны», – говорится

в запросе фракции в адрес Премьер-министра.

Как отметил Барлыбаев, в настоящее время многие из этих предпринимателей оказались на грани разорения. Так, 30 ноября 2016 г. в Налоговый кодекс были внесены поправки о повышении НДС на подземные воды в размере 1 МРП за кубометр воды, причём начисления производились задним числом с 1 января 2016 г.

В результате водные процедуры, на которых строилась работа зон отдыха, становились просто «золотыми» – за ванну воды нужно было платить более 1000 тенге налога. А полив полей и садов самопроизвольно вытекающей водой из артезианских скважин (которая в любом случае должна вытекать) стал вообще разорительным. Сельчанам становилось проще безучастно смотреть на утекающую

воду, чем пытаться направлять её на орошение полей, выращивать овощи и фрукты.

Депутат напомнил, что фракция активно выступила против такого подхода – были направлены письма в госорганы и 6 октября 2016 г. был озвучен депутатский запрос. Требования депутатов были услышаны, и в новом Налоговом кодексе от 25 декабря 2017 г. ставка НДС на воду была понижена до разумных пределов (0,003 МРП).

Однако, как сообщают обрабатывающиеся в партию «Ак жол» предприниматели, несмотря на отмену прежней ставки, налоговые органы продолжают взysкивать налог НДС, начисленный в 2016–2017 гг. по ставкам, действовавшим на тот момент.

Речь идёт о катастрофических суммах для сельских предпринимателей. К примеру, крестьянскому хозяйству «Мираж» в Уйгурском районе Алматинской области за 2016–2017 гг. начислены налоги на сумму 77 млн. тенге с учетом пени, возросшей



до 108 млн. тенге. Их землякам – крестьянскому хозяйству «Марипов» насчитали 155 млн. тенге, крестьянскому хозяйству «Кахарова» – 158 млн. тенге, ИП «Кашегенова» – 110 млн. тенге, ИП «Мейримбаева» – 153 млн. тенге.

Налоговики выигрывают суды и описывают имущество фермеров, но понятно, что эти объекты не потянут на сотни миллионов, насчитанных за пользование водой.

Фракция «Ак жол» считает, что необходимо не только отменить неадекватно завышенные ставки НДС, но и придать им обратную силу, пересчитав ранее начисленные налоги по новой ставке. Руководство фракции обсуждало этот вопрос в Комитете госдоходов Минфина, где с пониманием относятся к проблеме. Но ввиду включения

ранее начисленных налогов в бюджет 2016–2017 гг., их перерасчёт возможен только с согласия заинтересованных ведомств, начиная с министерства нацэкономики.

Депутаты «Ак жол» отмечают абсурдность сложившейся ситуации: ради отчёта госорганы готовы ликвидировать десятки налогоплательщиков и сотни рабочих мест в орошаемом земледелии и сфере внутреннего туризма, ясно понимая, что начисленные суммы уплатить невозможно.

В этой связи, депутатская фракция «Ак жол» просит правительство защитить права малых предпринимателей и поручить произвести перерасчёт начисленного им за период 2016–2017 гг. налога по НДС на воду (для зон отдыха и сельхозпроизводителей) по новым ставкам.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ПОДДЕРЖАЛ ПРЕДЛОЖЕНИЕ «АК ЖОЛ»

Премьер-министр поддержал предложения «Ак жола» о необходимости наведения порядка с выделением чиновникам служебного жилья – об этом стало известно из его ответа на депутатский запрос фракции.

Напомним, 19 декабря 2018 г. фракция обратилась к Премьер-министру по проблеме злоупотреблений жилищными привилегиями за госсчёт. Депутаты привели скандальные примеры приобретения чиновниками жилья повышенной комфортности и высокой стоимости в г. Павлодаре, Атырау, Усть-Каменогорске, Шымкенте, Кокшетау, Аксае ЗКО, Жамбылском районе Алматинской области.

«Это только те факты, которые стали известны прессе и обществу. А сколько их в действительности, можно только предполагать. Как и то, сколько из этих объектов приобретались по реальной цене, а сколько – использовались для хищений по завышенным ценам. Тысячи простых граждан отказывают себе во всём ради выплат по ипотеке. Даже программа «7-20-25» подразумевает и ограничения по стоимости квартир, и обязательность платежей – на этом фоне стремление некоторых чиновников жить в шикарных условиях, ни в чём себе не отказывая, вызывают справедливую критику.

Нельзя исключать и последующую приватизацию таких объектов проживающими в них чиновниками, также на льготных, ими самими же установленных условиях», – отмечалось в запросе.

Фракция «Ак жол» считает, что вопрос приобретения чиновниками служебного жилья за госсчёт должен быть регламентирован ценовыми параметрами и допустимой площадью такого жилья.

В этой связи фракция «Ак жол» потребовала установить твердые критерии обеспечения госслужащих служебным жильем, например, взяв за основу параметры программы «7-20-25», либо исходя из стандартов обеспеченности жилой площадью на члена семьи.

В полученном на днях официальном ответе Правительства говорится, что предложение фракции о необходимости регламентирования ценовых параметров и допустимой площади жилья, приобретаемого государственными органами и организациями, поддерживается.

«Министерством индустрии и инфраструктурного развития совместно с заинтересованными государственными органами будут приняты меры по разработке предельных норм площади служебного жилья и ценовых параметров стоимости жилья с учетом ограничений, установленных Государственной программой «Нұрлы жер», – отмечено в письме за подписью Бакытжана Сагинтаева.

«Ак жол»:

ПОЧЕМУ ВЗИМАЕТСЯ ПЛАТА ЗА «КҮНДЕЛІК»?

Почему взимается плата за «Күнделік» вопреки заявлениям министерства о бесплатности базового функционала системы? – с таким вопросом обратился Кенес Абсатиров к заместителю Премьер-министра Ерболату Досаеву. Речь идет о функционировании автоматизированной информационной системы «Күнделік», которая с момента её пилотного внедрения в 2016 г. вызывает постоянную критику.



Депутат напомнил, что в мае 2018 г. в ответе на депзапрос «Ак жола» о легитимности и безопасности внедрения системы «Күнделік» в школах, министр образования пояснил, что ее данные хранятся на принадлежащих государству серверах Министерства. Но осенью того же года выяснилось, что система «Күнделік» не прошла предусмотренных Законом «Об информатизации» процедур испытаний на соответствие требованиям информационной безопасности, следовательно, ввод её в эксплуатацию и, тем более – интеграция с информационной системой госоргана оказались преждевременными.

«Каким образом в январе 2018 г. был заключён Договор о государственно-частном партнёрстве при отсутствии Акта с положительным результатом испытаний, экспертизы технической документации и Аттестата соответствия требованиям ин-

формационной безопасности?», – задаются вопросом «акжолы» и обращают внимание на следующее.

Разработчики «Күнделік» и представители МОН не раз заявляли, что за базовый функционал системы со школьников и их родителей плата взиматься не будет.

Поэтому вполне понятно возмущение родителей по поводу практически навязываемого пользования указанным ресурсом и взимания платы за доступ к большинству услуг системы «Күнделік» через мобильные устройства (с начала текущего года 299 тенге в месяц или 2690 тенге за год). Причём это делается без предварительного уведомления и вопреки пункту 2.3 Пользовательского соглашения, предусматривающего предоставление специальных дополнительных возможностей системы по запросу пользователя на возмездной основе. Регулироваться же данная

услуга должна Соглашением о порядке предоставления платных сервисов.

Кроме того, по мнению депутатов, вопросы есть и по правомерности отдельных пунктов Пользовательского соглашения, связанных с предоставлением информации о пользователях третьим лицам – речь идет о правах граждан на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, закрепленных в ст. 18 Конституции.

В этой связи фракция ДПК «Ак жол» просит вице-преьера:

1. Поручить компетентным органам провести проверку на предмет соблюдения требований законодательства в области информационной безопасности на момент заключения договора государственно-частного партнёрства по проекту «Создание, внедрение и обеспечение функционирования автоматизированной информационной системы «Күнделік» в Республике Казахстан».

2. Поручить отраслевому Министерству обеспечить свободный безвозмездный доступ пользователям информационной системы «Күнделік» к базовым информационным ресурсам, в том числе с использованием мобильных средств связи.

3. Поручить Министерству юстиции провести экспертизу Пользовательского соглашения на предмет его соответствия требованиям законодательства Казахстана.

ҚАЖЕТТІЛІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ПАЙДА ДА, БАСҚА ДА ЖОҚ...

Біз «казахский нацизм» деген тақырып тауып алып, оны «ерттеп мініп отырған» «Сен-трал Азия Монитор» газетінің ұстанымы жайлы бұдан бұрын да жазған едік. Аталмыш басылым 25-қаңтардан бері «*Куда заведут Казахстан поиски национальной идентичности?*», «*Куда заведут Казахстан поиски национальной идентичности-2?*» деген екі мақала беріп, онда белгілі Қанат Нұров «Отан да, Ұлт та адамдықтан айнуға тұрмайды» деп үлгерді. Біз оған амандық болса алдағы уақытта оралармыз, әзірше басылымның 29-қаңтар күні жарық көрген «*Споры во-круг казахского языка: обвинения и оскорбления остаются основ-ным трендом*» деген мақаладағы мәселе жайлы өз пікірімізді білдірген жөн деп білдік. Онда кейінгі кездегі әлеуметтік желіде қазақ тілінің бүгінгі ахуалы тура-лы пікірлерді зерттеу мақсатында газет тілшісі Әсел Өмірбектің Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының са-рапшысы Айман Жүсіповамен сұхбаты берілген. Тілші біздің пікірімізше газеттің ойдағыны өмірде бар (выдавать желасмое за действительное) деп көрсетуге ұмтылатын газет бағытынан қылдай да айнымауға тырысады. Мойындау керек, газет тілшісінің ептілігінде шек жоқ. Мысалы, ол былай сұрақ қояды: «*Орыстілді қазақстандықтардың соңғы кездегі қазақ тілін тегін үйрету курстарын бүгінгіден бөлекше етіп құру жайлы ұтымды ұсыныстарын қазақтілді тұрғындардың басым бөлігі кіріпдей жиырылып қарсы алды — олар мемлекеттік тілді білу оның барлық азаматының міндеті, ол үшін бюджеттен ақша шығару абсурд (тантыған, сандырақ сөз) деп санайды*».

Біріншіден, тегін курс жайлы жиырма жеті жылдан бері айтылып келеді, ешқандай жаңа, ұтымды жаңалық емес ол.

Екіншіден, «қазақтілді тұрғындардың басым бөлігі» қарсы екенін олар қалай, қайтіп анықтады екен? Жүз адам, ары кетсе мың адамға сауал қою арқылы ма? Сол жүз (мың) адамның көбісі бүкіл «қазақтілді тұрғындардың басым бөлігі» болып есептелуі тиіс пе?

Үшіншіден, ең сорақысы да осы — автор сұрағын былай аяқтайды: «...*Осынышама қабыл алмау неге байланысты? Мысалы, қазақ тілінің «жанашырлары» орыстілділердің бәрінің қазақша білуіне қарсы, білсе мемлекеттік қызмет, полиция секілді жылы-жұмсақ орыннан бәсекеге төтеп бере алмай айрылып қаламыз деп қорқады деген пікір бар...*».

Орысша бұны «*стави-ть с ног на голову*» дейді, қазақша баламасы: «тонның өнін теріс айналдырып кию». Сол баяғы құлағымыз сарсы болған бір сарын: орыстілділер қазақтілділерге қарағанда білімді бе білікті келеді, сонысының арқасында экономикамызды ұстап тұр-мыс, еңбек нарығында да тікелей өздерінің білімі мен біліктілігінің арқасында басымшылыққа ие болып отыр-мыс; олар кетсе экономикамыз біржолата тұралап қалады-мыс; қазақ тілі дамымай, кенжелеп қалған тіл, ол заманауи ғылым

мен техниканың тілі болуға қауқары жетпейді, сол себепті олардың қазақ тілін үйренбей-ақ қойғаны жөн болады-мыс. Енді оған бүгін жана бір дәйексымақ қосылыпты.

Бірақ, бұл жерде сарапшы тілшінің үмітін ақтамады — «*ашығын айтсақ, жалтыла-ма тұжырымдауға қарсымын, қазақ тілінің аясын кеңейткісі келетіндерге кедергі жасап, әртүрлі айдар тағушылар да аз болмай отыр. Ал, тегін курстар баяғыдан бар, тек оларға деген сұраныс жоқ. Курстар бұрын да бюджеттен қаржыландырылған, бұл жайтқа қазақтар қарсы болған емес*» деп токетерін бір-ақ айтты.

өмір бойы айтып келе жатқан негізгі ойы-ұсынысы осы екенін шынымен-ақ білмегені ме? Федерация болып табылатын көрші Ресейдің бүкіл аумағында орыс тілінен емтихан тапсыра алмасаң көше сыпырушы болып та жұмысқа тұра алмайсың! Сол себепті гастарбайтерлердің бәрі орыс тілін меңгеруге М-Ә-Ж-Б-Ү-Р! Қажет болған соң үйренуге мәжбүр. Қазақ тілін білмесең ДӘЛ СОЛАЙ болуы тиіс! Міне, осы жерде велосипед ойлап таба-мын деп әуре болу керек емес...

Айман ханым оның орнына «...*мәжбүрлеп істету қиын, дұрысы — оларға осындай пайданы көрсету*» дейді.

КЕЧУА БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ!

Киноклассиктері айтқандай, әдетте адамның есінде әңгіме-сұхбаттағы соңғы сөз қалады емес пе? Тілші енді «*өзге ұлт өкілдерін ұялтуға тырысудан, олардың алдыңғы ұрпақтары біздің халыққа қарыздар екенін естеріне салып, сезімге ойнаудан түк шықпайтынына көзіміз жетті, енді олар қазақ тілін үйренуге ынтымақ ояну үшін не істеуіміз керек*» деген сұрақ қойды.

«*Біз сауалнама жүргізгенімізде орыс және өзге жергілікті ұлтқа жатпайтын ұлт өкілдері тегін оқыту-үйрету орталықтары мен курстары, оқу-үйренудің жаңа әдістемелері, яғни, қазақ тілін меңгеруге жағдай жасауды, ал, олардың кейбіреулері қазақ тілін игергендерді материалдық тұрғыдан марапаттап тұруды ең пәрменді шара деп сана-са, қазақтардың өзінің басым көпшілігі елдің барлық азаматтары мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр болатын қадамдар жасауға шақырды*».

Бұл шаралардың қай-қайсы да түрлі дәрежеде тиімді болуы мүмкін. Бірақ, адам өзіне пайдалы екенін көрмесе, онда оған қай нәрсені болсын мәжбүрлеп істету қиын екенін түсінгеніміз маңызды. Ең дұрысы — оларға осындай пайданы көрсету. Мысалы, ағылшын тілін жұрттың бәрі жоғары жалақылы жұмысқа тұру үшін өздері-ақ үйреніп жатыр. Оған қоса тегін және ақылы курстар да көп. Біз де осы жолмен жүруіміз керек, велосипед ойлап табамын» деп әуре болу керек емес» деді сарапшы.

Бұл жолы сарапшы, мүмкін, оны өзі де байқамай, САМонитордың сойылын соғып шыға келді. Әйтпесе, тілшінің сұрағын дәлме-дәл дерлік қайталап «...*қазақтардың өзінің басым көпшілігі елдің барлық азаматтары мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр болатын қадамдар жасауға шақырды*» демес еді. Жоқ әлде ол шынымен де «мәжбүрлеу» деген сөздің артында «бүкіл әлемдегі даңғыл жолмен жүріп, Қазақстанда өзінің жалғыз мемлекеттік тілі — қазақ тіліне деген қажеттілік туғызуы керек» деген пікір тұрғанын, қазақтың басым көпшілігінің



Қажеттілік, мысалға қандай да бір жұмысқа орналасу басқадағы, пайдалылық, «жоғары жалақылы жұмысқа орналасу» басқа! Алдымен қажеттілік, сосын барып пайдалылық! Ал, 2011 жылы қабылданған «2011-2020 жылдарға арналған тілдерді (?) дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» осынау ең басты мәселе — қазақ тіліне деген ҚАЖЕТТІЛІК қайтсек пайда болатындығы жайлы бір ауыз да сөз жоқ! Ол жоқ жерде орыс пен орыстілділердің позициясы әлеуметтік те, құқықтық та тұрғыдан 100 пайыз дұрыс та заңды — мемлекет өзінің өміріндегі күнделікті қолданысына қажет етпей отырған тіл кімге керек?..

«КЕЧУА БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ, КЕЧУА БОЛҒЫМ!..»

«Бағдарлама» демекші. Біз дәл кәзір әңгіме етіп отырған нақ осы жағдайды да, басқасын да бес саусақтай біліп отырған тілші сарапшыны осал жерінен шап беріп ұстап, «неге өкімет өкілдері бұл мәселені назардан тыс қалдырып отыр?» деп қадала қалды. Сарапшы қауқарсыз мемлекет жайлы недесін? «Қазақстан Республикасының 2011-2020

жылдарға арналған тілдерді (?) мемлекеттік бағдарламасында» 2020 жылға қарай іс жүзінде республиканың барлық тұрғыны қазақ тілін меңгеретіні жайлы айтылған» деді-тағы, тілін тістей қойды. Өйткені, 2019 жыл есіктен кіріп үлгерді, көрсетілген межеге бір жыл ғана қалды. Бағдарламадағы меже қайда, біз қайдамыз?! Сегіз жылдың ішінде қазақ тілінің жағдайы ауырламаса жеңілдеген жоқ. Бүкіл жана заң жобаларынан бастап барлық құжат атаулы алдымен орыс тілінде дайындалады-дағы, сосын барып қазақ тіліне аударылады. Аударылғанын сол тәржімашылардың өздері болмаса өзге жұрт, оның ішінде журналист біздер де бармыз, не айтқанын түсіне алмай алмай дал болады. Түсіну үшін ...орыс тіліндегі мәтінді алып қарауға мәжбүр болады. Сонда бұл қазақ тілін тезірек ҮЙРЕНУГЕ мәжбүрлеу ме, жоқ әлде оның астына өкіметтің

бода слова» газеті тілшісінің «мемлекетқұраушы ұлттың да, өзгелердің де мүддесін ескеретін «алтын орта» қайда?» деген сұрағына Олжас Сүлейменов ағамыз: «*Мемлекеттік тілді ендіру үдерісін асықтыруға болмайды, оны жылдамдату біздің жас мемлекеттігімізге төнген нақты қатерге айналады*» деп еді. Енді он жылдан соң сарапшы да соны қайталап отыр. САМонитордың да естігісі келгені осы сөз еді! сол сөйлеммен Әсел Өмірбек сұхбатын түйіндеді... Ал, бұндай әңгімені әрбір рет естіген сайын кезінде құдыретті империя құрған инктердің ұрпағы, ХІХ-ғасырдың аяғына аман жеткен, және жай жетпеген, ХХ-ғасырдың басындағы біздің қазақ секілді бәсекеге қабылетті күйде жеткен кечуалар тарихы менің есіме оралады да тұрады. Бүкіл Латын Америкасын отқа ораған ұлт-азаттық көтерілісінің арқасында кечуалар да Испанияның отаршылдығынан құтылды, Азаттыққа жетті, өз алдына Тәуелсіз де Дербес мемлекет құра алды. Бірақ...

Міне, мәселенің бәрінің бүлдіретін осы «бірақ» оларда да бар болып шықты: елдің элитасы түгелдей Испанияда оқып білім алған, испанша тәрбиеленген еді. Осы элита мың түрлі себеппен кечуа тілінің іс жүзінде мемлекеттік тілге айналуын кейінге соза берді. Біздің басымыздағы дәл бүгінгі жағдай сол кезде кечуалардың басында да болды. Неге элита өз ұлтының тілінің салтанат құруына соншалықты қарсы болды, қас болды? Олардың қас болуының, қарсы болуының жалғыз ғана себебі бар еді — элита өзінің үйреншікті, өзіне қолайлы испан тілінде өмір сүре бергісі келді! Жаңа тіл үйрену деген азап қой! Не керекі бар оның?

Жоқ, элита сөз жүзінде кечуа тіліне қас жауы екенін ашық айтқан жоқ, айтып ақымақ болды дейсіз бе, керісінше, оларда бүгінгі біздің шенеуніктеріміз секілді «біз де өз ұлтымыздың патриотымыз, біз де бар-күш жігерімізді аямай Тәуелсіз еліміздің мүддесі үшін жұмыс істеп жатырмыз, тіпті ұлттық тілдің көптеген жанашырына қарағанда біздің ұлтымызға еңбегіміз көбірек сіңіп жатыр, кечуа тілін білмесек те ұлт патриоты болу мүмкін екендігін дәлелдеп жатырмыз, асықпаңыздар, біз де үйренеміз, тек Мадридте бес жыл оқып, төл тілімізді ұмытып қалдық» деген желеуді жамылып, өзінің қаскөйлік тірлігін бітіре берді.

Нәтижесі не болды? Нәтиже Латын Америкасында испантілді тағы бір мемлекеттің әлемнің саяси қартасында пайда болуымен бітті. Ол мемлекеттің аты — Перу... Қазақты төзімді, мықты, «мың өліп, мың тірілген» халық деп жатамыз. Тек бұл жолы әлемде ұлттық мемлекеттерге айрықша қатер төндіріп отырған «жаһандану» деген жаңа жаудың, ерекше жаудың, нағыз тажалдың бар екенін, ол тажалға қарсы Германия, Франция секілді ұлы мемлекеттердің өзі де жан аямай қарсы күресіп жатқанын, сол себепті «мың бірінші рет өлсек, мың екінші рет қайта тірілуге» мүмкіндігіміз болмай қалатынын ескере бермейміз...

2009 жылы қаңтарда «Сво-

манлылар империясын құрған. Қазақ болса, міне үш ғасыр бойы өзінің еркіндігін алуға жанталайсып, жан беріп келіп, енді-енді Бостандыққа енді. Құлдық сана әдет, дәстүрімізге енгені соншама елімізді кісіміну буып тұр. Мансабы бар адамның қабылдауына бара алмайсың, ол қабылдамайды, телефонға жауап бермейді, жүре сөйлеседі. Байлар әңгімесі мүлде бөлек, оларға жәй адамның жақындауы қиямет-қайым.

Бұл – кісіміну. Түркі еліне жиі қатынаймын. Онда лауазымды адамдармен жүздесу бізге карағанда әлдеқайда жеңіл. Түркия байлары қол жайып ас береді, өздері дастархан басында «күтуші» боп қызмет атқарады. Бізде министрлер, әкімдер, байлар ас береді, бірақ оған көмекшілерін жібереді. Сонда атам қазақтың «Ас иесімен тәтті» деген даналығы қайда қалады. Мәселе, кісімінуде.

Кісімінуді тектілікке, бекзаттыққа қатысты. Кісімінудің бір көрінісі – міндетсіну, лауазымына қатысты істі атқаруды міндет санайтын шенеуніктерді қайда қоймақпыз?!

ДЕРТІ



шырғалаң ой төңіреккей бастайды. Айтарым, қай-қайсысы болса да, болайын деп тұрған істің бірі басшысы, бірі нәтижесі болмақ!

Кісімінуді оқыс оқиға. Қалыпты жағдай жазушы Халдун айтаңдай өз жасына, өз абыройына яғни шама-шарқына лайықты ғұмыр кешу, бірақ, сол әрқайсысымыздың қолымыздан келе қояр ма екен?!

Бір жағынан «оқыс оқиға» болмаса, жауын-шашын да болмай қойса не демекпіз!!!

Сірә, кісімінуді жауын – шашын сияқты табиғи құбылыс емес пе?! Ойланған жөн!

Пенде болған жерде кісімінуді болмай тұрмайды. Кісімінуді – пендешілік делік. Пендешіліктен тыс тұрған немесе анығырақ айтаңдай пендешіліктен сау адам бар ма?

Сөз болып отырған әңгімеде, пендешілікке ұрынбаған чех – еврейі Морис Моргенрат. Еврей халқының әлемнің байлығына да, ғылымына да, әдебиет пен өнеріне де елеулі үлесі бар. Егер сан жағынан алғанда еврей халқы небәрі 15 миллион шамасында, бірақ адамзаттың қазынасына қосқан үлесі анағұрлым мол. Ойлаймын, кісімінуді тұрған ел, халық көп пайдадан құр қалмақ.

Кісімінуді жақын түсініктер: бәлсіну, мен-менсіну, өзінді өзгенден артық санап не түрлі саяси ілімдер жасаумен әуестенушілік. Айталық, марксизм, фашизм, большевизм секілді т.б. адам баласына табиғаты жат қылық – пиғылдар жүйелері.

Кісімінуді әншейін құбылыс емес, оның түбінде экономикалық, бәсекелестікті, адамшылықты бағаламаушылық деген қат-қабат астарлар жатыр. Ұялмайтын жерде ұялып өз үлесінен құр қалып, кеуделерін аспанға атып жүрген ағайындарды көргенде, есіме кісімінуді деген орала береді. Кісімінуді – пендешілік дерті.

Шығарма немен аяқталған. Қалай басталса, солай тәмәм болған. Бұрыштағы муниципалит орнатқан үлкен айнадан ол тағы өзін көрді. Бұл жолы да өзін бір жарым есе үлкейтіп көрсетті. Бірақ, ол кісінеген жоқ, кісінеуге құлқы да болмады.

Жазушы шығарманы былайша тәмәмдайды. «Ол айнаға көзінің қиығын тастады да, басын тартып ала қойды. Содан соң, әдеттегідей баяу, өз жасына, өз абыройына лайықты сылбыр жүріспен жолын жалғастыра берді». (146 б.)

Кісінеу де, кісімінуді де бір мән, бір мәселе. Күннің жауын – шашыны оған бөгет емес. Кез келген оқиғаның себебі және нәтижесі болатынын жазушы аллегориялық тәсілмен тамаша баяндап берген. Мәстек Философтың кісінеуді оқиға себебі, ал оның нәтижесі оқырман түсінігінде, шығарманы кім қалай түсінеді, сол нәтиже.

Кісімінбейтін кісі болмайды, сонда кісімінуді оқиғаның себебі ме, нәтижесі ме деген

■ IS-SHARA



ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атты Жастар жылының ашылуында айтылған ойлары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен студенттік форумда талқыланды. Өздері бастама танытқан жетекші университеттің студенттері Қазақстан жастарын «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» ұлттық жастар қозғалысына қосылуға шақырды.

Бір алаңда 2 мыңнан асқан жастар – студенттік ұйымдардың көшбасшылары, жас ғалымдар, стартаперлер, кәсіпкерлер мен еріктілер жиналды. Пікірлермен және тәжірибелермен алмасу Президент айтқан барлық негізгі бағыттар бойынша өрбіді. Талқылаудың басты бағыты – білім экономикасын құруға жастарды қатыстыру жолдарын табуға арналды.

Форумды ашқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов: «Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жаңа формацияның жас толқыны өсті. Ел Президенті мен мемлекет оның қалыптасуына және дамуына көп үлес қосты. Мемлекет тәуелсіздігін нығайтудың жауапкершілігі мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру және әлемдік деңгейде ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жастарға аса зор жауапкершілік пен үлкен үміт жүктеледі», – деп атады.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНА ҮНДЕУІ

Біз, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері, бүкіл ел жастарына үндеу тастаймыз!

Қазақстан Жастар жылына аяқ басты, бұл – Елбасының ел болашағы жас ұрпаққа деген үлкен әрі ерекше қамқорлығының көрінісі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтудың жауапкершілігі мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру және әлемдік деңгейде ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жастарға аса зор жауапкершілік пен үлкен үміт жүктеледі.

Жастар жылы жарияланды, ендігі іс – біздің қолымызда! Мемлекет біз үшін бір нәрсе жасап береді деп күтіп отырудың еш қажеті жоқ. «Мен елім үшін не істей аламын?» деген сұрақты әрбір адам өзіне қоюы тиіс. Жыл сайын елімізде ЖОО қабырғасынан 200 мыңға жуық түлектер бітіріп шығады. Олар өмірге қаншалықты білім қорымен қадам басады және азаматтық ұстанымы қаншалықты белсенді деген сұрақ туады. Маныздысы сол олар қажетті күзінділікке қол жеткізгеннен соң жұмыссыздардың қатарын емес, өздері жұмыс орындарын құра алған азаматтардың бірегейі болуы тиіс.

Себебі, еліміздің ертеңгі гүлденуі олардың Қазақстан қоғамының дамуына қосқан үлесіне тығыз байланысты.

Постиндустриалды қоғам жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі жоғары инновация мен технологияға қарай айқындалады. «Асыл тастан – ақыл жастан» деген дана халқымыз. Қазақстанға біздің

жаңа идеяларымыз, ойларымыз жаңалықтарымыз, сонымен бірге Индустрия 4.0. құруға белсенді түрде қатысуымыз аса қажет. Тек осындай жағдайда ғана елімізді ғаламдық технологиялық трендтермен сәйкестікте дамыта аламыз. Жастарды елімізді дамытудың инновациялық жаңғырту үдерісіне тарту тәжірибесі жаңа идеяларды айқындау мен қолдау жаңа арнайы алаңдар құруға жағдай жасап отыр. Мысалы, интеллектуалды-шығармашылық әлеуетті ынталандыру мақсатында және талантты жастарды анықтау үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6 жылдан бері «Менің Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан нақты үлесім» үздік жас ғалым, үздік студенттік старт-апқа, «Өз елімнің гүлденуі үшін мен не істей аламын?» атты үздік эссе мен поэтикалық шығармаға, «Мәңгілік ел – менің мұратым» үздік патриоттық әндерге арналған ҚР Бірінші Президенті күнінде қортындысы шығарылатын байқаулар жобасы жүзеге асырылып келеді.

Осы өткен 6 жыл ішінде бұл жобалар елеулі шығармашылық алаңға айналып, студент жастар арасында қызығушылық туғызып, өзінің өте жоғары деңгейдегі тиімділігін көрсетіп отыр. Бабаларымыздан қалған «Бұлақ көрсен – көзін аш» деген қанатты сөз бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесі негізінде ұлттық жастар қозғалысын қалыптастыру мақсатында барлық ел жастары арасында жыл сайын «Жастардың шығармашылығы мен күш-жігері»

– еліміздің инновациялық дамуы үшін» ұранымен аталмыш байқауды өткізіп отыруды ұсынамыз.

Осынау жобаның жыл сай-

ын жүйелі түрде Қазақстанның барлық аумағында өткізілуі жаңа жобалардың, жаңа идеялар мен бастамалардың пайда болуына негіз қалап, олардың кәсіпкерлік күзінділігінің қалыптасуына және жастардың болашақта жеке инновациялық кәсіпорнын құруына жол ашады деп сенеміз. Егер, бұл жобаға әр университет, кәсіпорын, аймақ қосылатын болса, инновациялық жастар қозғалысы еліміздің дамуына игі ықпал ететін, нағыз бұқаралық жобаға айналарына сенімдіміз.

Біз жастардың ең үздік бастамалары мемлекеттік ұйымдардың барлық деңгейіндегі тиісті ресурстардан қолдау табады деп сенеміз! Осыған орай Біз үлкен ынтамен Президенттің тапсырмасын қолға ала отырып, талантты жастардың идеялары мен стартаптарына көмек көрсету мақсатында арнайы грант табыстайтын бизнес-құрылымдарға ұсыныс тастаймыз. Біздің ұсынысымыз ары қарай кең көлемде жүзеге асырылса, онда ол қоғамда қолайлы инновациялық орта жасауға, әрі жастардың күш-жігері мен шығармашылығының жасампаз күшке айналуына мүмкіндік береді.

Біз еліміздің жастарын «Жастардың шығармашылығы мен күш жігері – еліміздің инновациялық дамуы үшін» атты жобаға белсенді түрде қатысуға және өз білімдерін, біліктілік пен шығармашылықтарын жаңа креативті идеялар мен инновацияларды ойлап табуға бағыттауға шақырамыз. Қазақстанның ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы толығымен бізге байланысты!

Еліміздің болашағы – біздің қолымызда!

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІНІҢ АРҚАСЫНДА ҚЫЗМЕТТЕ ӨСТІ

Нұрлан Асқарұлы – қатардағы қарапайым қызметкерден биік дәрежелі мемлекет қызметшісіне дейінгі еңбек жолынан өтіп, шындалған тұлға.

Тау-кен инженері, экономист мамандығын меңгерген ол алғаш еңбек жолын өзінің туған жері Ақтөбе облысы, Октябрь ауданы, Қандыағаш станциясында электромонтер болып бастаған. 1993-1995 жылдары Мәскеудегі «Гили – Паскер» ЖШС-де мұнай өнімдері жөніндегі бас сарапшы, бөлім бастығы, бас директоры қызметтерін атқарған. 1995-1996 жылдары Алматыдағы «Отырар Лтд» шағын кәсіпорны директорының орынбасары болды. 1996-2006 жылдары «Қазтүрікмұнай» ЖШС-не инженер болып орналасып, бөлім бастығы, бас директоры қызметіне дейін өсті. Тіпті, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ атқарушы директоры болды. Біз ол кісінің еңбек жолына бекерге тоқталып отырған жоқпыз. Өздеріңіз көріп отырғандай, ол кейбіреулер құсап «әке-жәкенің» арқасында бірден жоғары қызметке топ ете қалған жоқ. Керісінше, бәрін ең төменнен бастап, өзінің қарым-қабілетінің арқасында қызмет баспалдақтарымен өсе білді.

